

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетін құру туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 6 қазандағы N 2513. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының K951000_ 44-бабының 3, 21-тармақтары мен 84-бабының 1-тармағында және Қазақстан Республикасындағы Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, құқық қорғау органдарының жүйесін жетілдіру, құқық тәртібін нығайту мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті құрылсын.

2. Б ы л а й д е п :

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті қылмыстық істер бойынша анықтау, алдын-ала тергеу жүргізілуін және жедел іздестіру қызметін жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының біртұтас жүйесін Мемлекеттік тергеу комитеті, облыстардағы (Алматы қаласындағы) және көліктегі оған тікелей бағынатын Мемлекеттік тергеу комитеті басқармалары, Мемлекеттік тергеу комитеті органдарының қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық бөлімшелері, сондай-ақ айрықша әрі режимдік объектілер, оқу орындары, мекемелер мен ұйымдар құрайды.

3) Мемлекеттік тергеу комитеті мен бағыныстағы органдардың қызметін қаржыландыру, олардың тергеу оперативтік қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына:

1) 1995 жылғы 1 қарашаға дейін - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылымы мен ол туралы Ережені;

2) 1995 жылғы 1 желтоқсанға дейін Республика Президентінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті туралы" Заң күші бар Жарлығының жобасын және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде тиісті ұсыныстар беретін б о л с ы н .

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылуына

байланысты мәселелерді қарау үшін тиісті комиссия (құрамы қоса беріліп отыр)
қ ұ р ы л а т ы н б о л с ы н .

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Бас Прокуроры осы Жарлықтың 4-тармағында аталған комиссияның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетіне:

1) 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін - тергеу оперативтік және олардың қызметін қамтамасыз ететін ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің штат санын; прокуратура органдары тергеу қызметкерлерінің штат санын;

2) осы Жарлық күшіне енген күнінен бастап бір ай мерзімде - ішкі істер мен прокуратура органдарына бекітілген ғимараттарды, үй-жайларды, көлікті, техникалық жарақтарды және Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметін қамтамасыз етуге қажетті басқа да қаржы және материалдық ресурстарды беретін
б о л с ы н .

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлық күшіне енген күннен б а с т а п б і р а й м е р з і м д е :

1) Мемлекеттік тергеу комитеті мен оған бағынысты органдардың қызметін қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешетін
б о л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Президентіне Мемлекеттік тергеу комитеті мен оған бағынысты органдардың қызметкерлеріне олардың ақшалай үлесі осы Жарлық күшіне енген күні қолданылып келген прокуратура мен ішкі істер органдары қызметкерлерінің ақшалай үлесінің деңгейінен төмен болмауын көздей отырып, еңбек ақы төлеу жүйесі жөнінде ұсыныстар енгізсін;

3) Үкіметтің бұрынғы жарияланған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

7. Облыстардың, қалалардың, аудандардың, қалалардағы аудандардың әкімдеріне 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін Мемлекеттік тергеу комитетінің аумақтық органдарын ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етудің барлық қажетті мәселелерін шешу міндеттелсін.

8. Осы Жарлықтың 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 2-тармағының 1) -тармақшасын қоспағанда осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Президентінің 1995 жылғы

6 қазандағы N 2513 Жарлығына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің
құрылуына байланысты мәселелерді қарау жөніндегі
Комиссияның құрамы**

Комиссияның төрағасы

Шайкенов Н.А. - Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің орынбасары

Комиссия төрағасының орынбасарлары:

Тимкин М.И. - Қазақстан Республикасы Президенті
Аппараты Басшысының бірінші орынбасары

Шуткин С.И. - Қазақстан Республикасы Үкіметі
Аппараты Басшысының орынбасары

Комиссия мүшелері:

Антропов П.К. - Қазақстан Республикасы Бас
Аппаратының Қаржы, еңбек және ақша
айналысы бөлімі меңгерушісінің
бірінші орынбасары

Константинов А.В. - Қазақстан Республикасы Бас
Прокурорының бірінші орынбасары

Мұқашев Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің бірінші орынбасары

Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік
комитеті төрағасының орынбасары

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және Қазақстан
Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің басшылары.